

"Сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 551 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 440 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 маусымда № 32656 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 551 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9759 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларында:

9-тармақ алдын тасталсын:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын.

"10. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар сот үкіміне немесе қаулысына сәйкес мекемелерге жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармағымен толықтырылсын:

"10-1. Төтенше немесе толық қауіпсіз мекемелерде шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін жазасын орташа қауіпсіз мекемеде өтеу тағайындалған бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар тартылады.

Шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін сотталған адамды төтенше немесе толық қауіпсіз мекемелерге жіберу олардың бастықтарымен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Сотталған адамды төтенше немесе толық қауіпсіз мекемеге жіберу туралы қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 13-1, 13-2 және 13-3-тармақтарымен толықтырылсын:

"13-1. Сотталған әйелдерді – соттардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлерін, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдарды жеңе ұстау мүмкін болмаған жағдайда олар сотталған әйелдерді ұстауға арналған мекемелерге жіберіледі.

13-2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі - ҚК) 46-бабы 5-бөлігінің 1) тармағында көрсетілген адамдарды ұстауға арналған қауіпсіздігі барынша

төмен мекемелерге, бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтемеген адамдар: абайсызда жасаған қылмыстары үшін сottалғандар; ҚҚ-ның 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сottалғандар; қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда ҚҚ-ның 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін сottалғандар; қасақана қылмыс жасағаны үшін екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған алғаш рет сottалған адамдар жіберіледі.

13-3. ҚАК-ның 96-бабында көзделген тәртіппен орташа қauіpsіz және қauіpsіздігі барынша жоғары мекемелерден ауыстырылған, оң мінезделетін сottалғандарды ұстауға арналған қauіpsіздігі барынша төмен мекемелерге сондай-ак, бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеген адамдар: абайсызда жасаған қылмыстары үшін сottалғандар; ҚҚ-ның 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сottалғандар; қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда ҚҚ-ның 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін сottалған адамдар жіберіледі.".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

M. Ахметжанов